



Жоба

www.kmcpk.kz

Қазақ тілді мектептердегі
«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті»
пәндері бойынша педагог
кадрлардың біліктілігін арттыру курсының
білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Орта білім беру ұйымдарының қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдеріне арналған педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» білім беру бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы орта мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттыруға арналған.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету бойынша «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Глоссарий

Ақпараттық сауаттылық	- көптеген сандық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты тиімді және сыни іріктеп, талдап және құра білу, сонымен қатар, сол технологиялардың құрамдас бөліктері мен функцияларын білу.
------------------------------	---

Әлеуметтік білім алушы	- субъект бақылау немесе басқа адамдармен бірге әрекет ету барысында өз еркінен тыс білім алатын оқыту түрі. Bersin & Associates мамандары әлеуметтік оқыту технологиясының жеті бөлшегін атады: әңгіме (conversation), байланыс (connection), бірлескен жұмыс (collaboration), контент (content), [контентті] пайдалану ыңғайлылығы (consumption), бақылау (control) және тұтынушылар контентін құру мүмкіндігі (contribution).
Бағалау критерийі	- ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі. Әр критерийдің дескрипторлары (әрбір нақты жұмыс үшін) болады, онда мектеп тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дескрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатқа жетуін анықтайды
Бірлескен оқу	- бұл тәсілдің аясында оқыту білім берушілер мен білім алушылар арасындағы тығыз қарым-қатынас негізінде ұйымдастырылып, оқыту үдерісіне қатысушы әрбір жеке тұлғаның жеке үлесі мен қабілеті мойындалады. Үдеріске қатысушылар ақпаратты бірлесіп отырып белсенді іздеу, талқылау, талдау және жинақтау арқылы жаңа білім алады.
Біліктілікті арттыру курсының оқу жоспары	- біліктілікті арттыру курсы аясында әзірленетін оқу жоспары. Оқу жоспарында белгілі бір курс барысында зерделенетін тақырыптар, сондай-ақ, курс материалын оқыту мен оқуды ұйымдастырудың реті мен тәртібі, күн саны ұсынылады.
Грамматикалық нормалар	- нақты бір тілдің грамматикалық ережелері.
Графикалық органайзер	- білім, ұғым, ой, идея немесе көзқарасты білдіру үшін визуалды таңбаларды қолданатын құрал. Графикалық органайзердің басты мақсаты оқу мен оқытуды жеңілдету мақсатында визуалды көмек ұсыну болып табылады.

Критериалды бағалау	- оқушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым талқысынан өткен, оқушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті, нақты анықталған критерийлерге негізделген бағалау үдерісі.
Құндылықтар	- баянды, мызғымас негізгі ішкі қағидаттар мен стандарттар. Түйінді құндылықтар өте тұрақты болып келеді, ал өзгерсе өте баяу, әрі ұзақ уақыт бойы өзгереді. Түйінді құндылықтар біздің өмір, өзіміз және бізді қоршаған адамдар, жалпы адамдардың әлеуеті және қоршаған адамдардың әлеуеті туралы көзқарасымыздың қалыптасуына негіз болады. Сондай-ақ құндылықтар дегеніміз біздің сенетін дүниеміз, олар біздің қоршаған ортаға деген қарым-қатынасымызды және мінезқұлқымызды анықтайды.
Қысқа мерзімді жоспар	- мұғалімнің күнделікті оқытатын сабақтарының сызбасы (сабақ жоспары). Сабақ жоспарында ненің зерделенетіні, оған қалай көмектесуге болатыны, сондай-ақ оқуды қалай саралауға болатыны туралы барынша егжей-тегжейлі ақпарат ұсынылады.
Метатану	- оқушылардың өзіндік оқу және проблемаларды шешу стратегияларын түйсінуді. Метатанудың маңызды қызметінің бірі өздерінің танымдық қызметтерінің ерекшеліктері туралы білімдерінің негізінде оқушыларға танымдық қызметтерін реттеуге мүмкіндік беретін танымдық қызметті рефлексиялық бақылау болып табылады.
Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым	- оқушылар бағалау арқылы алынған ақпараттың негізінде оқудағы қажеттіліктеріне қарай келесі қадамдарды бірге орындау үшін топтарға біріктіріледі. Оқушылар мағынасын ашу, бұған дейінгі білімімен байланыстыру, жаңа түсініктер туралы сын тұрғысынан ойлау үдерістеріне тартылады.
Оқу бағдарламасы	- оқу пәні бойынша міндетті түрде меңгерілуі керек білімдер мен дағдылардың мазмұны және көлемі, сонымен қатар, олардың тақырыптар, тараулар мен оқу кезеңдеріне бөлінуі көрсетілген құжат. Белгілі бір білім

	беру саласына қатысты мемлекеттік білім беру стандартының талаптары негізінде әзірленеді.
Оқу жоспары	- белгілі бір пән және сынып бойынша мұғалімдерге арнап әзірленетін құжат. Оқу жоспары белгілі бір аясында осы пән бойынша қамтылатын материалдардың барлығын қамтиды және онда бұл материалдарды қандай ретпен оқытуға және оқуға болатыны ұсынылады.
Оқу мақсаты	- оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқушының оқу барысында меңгерген білім, түсінік, дағды жетістіктері бойынша күтілетін нәтижелерден құралған тұжырым.
Орта мерзімді жоспарлау	- белгілі бір уақыт аралығында іске асырылатын жұмыстың жеке бөліктерін жоспарлау.
Функционалдық сауаттылық	- алған білімін (бірінші кезекте жалпы) күнделікті өмірде іс-әрекеттерімен байланыстыратын жеке адамның әлеуметтік қарым-қатынасы.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модуль 1. Тиімді оқу үдерісін жүргізу және нормативтік аспектілері	1.1 Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы және нормативтік құқықтық актілер бойынша практикалық дағдыларын дамыту .
	1.2 Оқыту үдерісін ұйымдастыру арқылы құндылық – мәндік нұсқауларын құру.
	1.3 Тілдік дағдыларды дамыту Білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары негізінде ынтымақтастық ортаны құру.
	1.4 Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері. Белсенді оқу.
Модуль 2.	2.1 Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары

<p>Білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеру</p>	<p>2.2 Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде оқу тапсырмаларын жасау жолдары.</p> <p>2.3 Бағалау қағидаттары. Критериалды бағалау моделі.</p> <p>2.4 Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау.</p> <p>2.5 «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабағына негізделген қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу жолдары.</p> <p>2.6 Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы. Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер.</p> <p>2.7 Жазылымды үйретудегі үдемелілік. Жазылым көрсеткіштерін жақсарту жолдары. Бірлескен жазылым әдісі.</p> <p>2.8 Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым әдісі. Дербес жазбаша жұмыс орындауға төселдіру.</p> <p>2.9 Оқылым көрсеткіштерін жақсарту. Оқылым дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>2.10 Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым. Бірлескен және мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымды жоспарлау.</p> <p>2.11 Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері. Белсенді оқылымның әдіс-тәсілдерін жоспарлау.</p> <p>2.12 Өзара бағамдау және өзін-өзі бағамдау</p>
<p>Модуль 3. Курстың оқу мақсаттары тұрғысынан алға ілгерілеуді қарастыру</p>	<p>3.1 Айтылым және тыңдалым дағдыларындағы дамуды түсіну. Айтылым және тыңдалым жаттығуларын әзірлеу.</p> <p>3.2 Әңгімені бірлесіп әңгімелеу. «Ойды түртіп алу» кезеңіне арналған жаттығуларды әзірлеу.</p> <p>3.3 Саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдері.</p>

	<p>3.4 Тілдік дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығын түсіну. Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңыздылығын зерттеу үшін тапсырма құру.</p>
	<p>3.5 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары. Орфографиялық норма Пунктуациялық норма</p>
<p>Модуль 4. Өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын орындау</p>	<p>4.1 Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.</p>
	<p>4.2 Ықшамсабақ өткізу (жобаны қорғау) Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: Жоспарлау, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау.</p>

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдерінің теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын арттыру негізінде кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) Педагогтердің жаңартылған білім мазмұнын меңгеруде кәсіби шығармашылықтарын жетілдіру;
- 2) Білім беру мазмұнын және білім беру нәтижелерін бағалауда «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтау және тереңдету;
- 3) «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдерінің өз сабақтарын жоспарлап, өткізуіне көмек көрсету;
- 4) Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін анықтау;

5) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытуда SMART мақсаттар мен саралауды қалыптастыру;

6) Мұғалімдерге ықшамсабақтар арқылы Бағдарлама материалдарын өз тәжірибесінде сынап көруге мүмкіндік беру;

7) Оқушыларға барынша қолдау көрсетуге бағытталған жаттығулар мен тапсырмаларды әзірлеу.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) біледі:

– педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары;

– «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқыту стандарты және оқу бағдарламасының мазмұны;

– білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері оқытуда оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

– оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру тетіктері мен жолдары;

– «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері оқытудағы құзыреттілік тәсілдің мәні;

– оқушының жас ерекшеліктерімен оқыту әдістерінің өзара байланысы;

– оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға бағытталған оқу стратегиялары, әдістері мен тәсілдері жүйесі;

– оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері.

2) қолдана алады:

– әртүрлі әдістерді, құралдарды және оқыту технологияларын қолдана отырып, оларды пайдаланудың орындылығын анықтай отырып, оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруды жүзеге асыру;

– оқушылардың негізгі қимыл дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды құрастыру;

– оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдану;

– оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін қолдану.

3) меңгереді:

– жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктерін

– шығармашылық қабілеттер мен сыни ойлау дағдыларын;

– білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушыларды қалыптастарушы және жинынтық бағалуға арналған тапсырмаларды жоспарлау әдіс тәсілдерін.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы 4 модульден тұрады:

1. Тиімді оқу үдерісін жүргізу және нормативтік аспектілері.
2. Білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеру.
3. Курстың оқу мақсаттары тұрғысынан алға ілгерілеуді қарастыру.
4. Өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын орындау.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

7. Біліктілікті арттыру курстары:

1) Күндізгі оқыту Бағдарламаның 1-қосымшасында берілген оқу тақырыптық жоспарына (әрі қарай - ОТЖ) сәйкес берілген. Курстың ұзақтылығы 80 сағатты құрайды. Бір апталық курстарды ұйымдастыру үшін ОТЖ-да берілген сағаттар саны екі есеге қысқартылып, сабақты өткізу формалары мен тақырыптары өзгеріссіз қалдырылады.

2) Осы бағдарламаға арналған курстың оқу – тақырыптық жоспарына сәйкес қашықтықтан оқыту және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтықтан (онлайн) – 30 сағат, дербес (офлайн) - 50 сағат.

Күндізгі және қашықтықтан оқыту режимдерде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, ықшам сабақ (шағын іс-шара) таныстыру, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалық жұмыстар мен ықшам сабақтар (шағын іс-шаралар) тақырыптары курстың оқу – әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

Қашықтан оқытуды арнайы платформалар арқылы өткізуге болады:

- **Zoom** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).
- **Moodle** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).

Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақ, тренинг, шебер-сынып, конференция, дөңгелек үстел, ықшам сабақ презентациясы, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп

шешу, сонымен бірге, аралас оқыту режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрам бағдарлама мазмұнын игеру мен бағалау өлшемдерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модуль 1: « Тиімді оқу үдерісін жүргізу және нормативтік аспектілері»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 8 сағат (дәріс-2 сағат, практикалық сабақ - 4 сағат, тренинг - 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: педагогтердің Қазақстан Республикасында заманауи білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын түсіну және ой елегінен өткізу бойынша кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру және мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін меңгерту.

Модульдің міндеттері:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша мағлұмат беру;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді түсінік беру;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру.
4. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық - педагогикалық аспектілеріне мағлұмат беру;
5. Психологиялық жоспарлау, басқару және қызметін талдау, алдын алу, түзету әдістерінің технологиясын меңгерту;
6. Педагогтерді аттестаттаудан өтудің қағидаттарын меңгерту.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

«100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын жүзеге асырудағы Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы және жалпыға міндетті орта білім берудегі жүзеге асырылатын қадамдар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 ж. 2 қыркүйектегі "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің

негізі" атты Жолдауының білім беру жүйесіне байланысты өзекті мәселелері мен басым бағыттары жайлы түсінік қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының жаңа редакциясының негізгі ережелерін, педагог мәртебесі туралы Заңының мәнін, білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолдану аясы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерін қарастыру. Заманауи білім беруді дамытудың мақсаты мен оны жүзеге асыруда атқарылатын міндеттері және білім беру деңгейлеріне қойылатын талаптарды түсіндіру.

1.2 тақырыбы. «Мұғалімдерді аттестаттауға дайындау арқылы кәсіби біліктілігін арттыру (психологиялық-педагогикалық аспектілері)» мұғалімдерді аттестаттауға дайындау арқылы кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері жайында теориялық мағлұмат беріледі.

Жеке жұмыс ретінде мұғалімдерге сауалнама жүргізу, сол арқылы психологиялық ахуалын анықтау, соған сай қолдау көрсетіп, бір-бірімен тәжірибе алмасады.

3) Күтілетін нәтиже

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы біледі;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді қолдана алады;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы мәселелерді меңгереді.

Модуль 2: «Білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеру»

Ұзақтығы - 50 сағат (дәріс - 10 сағат, практикалық жұмыс – 20 сағат, тренинг - 16 сағат, ықшам–сабақ - 2 сағат, тестілеу – 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаттары — «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері мұғалімдерінің білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру негізінде кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Модульдің міндеттері:

- 1) Білім беру мазмұнын және білім беру нәтижелерін бағалауда оқыту мәселелері бойынша білімдерін жинақтау және тереңдету;

2) Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін меңгеру;

3) Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытуда smart мақсаттар мен саралауды қалыптастыру;

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Оқу бағдарламасы, оқу жоспары, ұзақ және орта мерзімді жоспарлардың құрылымын талдау. Критериалды бағалау, дискриптор, қалыптастырушы бағалау маңызын тереңірек ұғыну. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың белсенді әдістері мен құралдарын таңдаудың негізгі тәсілдерін меңгеріп шығармашылықтарын арттырады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша оқытуда smart мақсаттар мен саралауды қалыптастыруды жоспарлайды. Тараулар бойынша қиындық тудырған оқу мақсаттарын жоспарлап түсініктерін нақтылайды. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша мазмұндық аспектілерді оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін игереді.

3) Күтілетін нәтижелер:

1) біледі:

– «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша оқыту стандарты және оқу бағдарламасының мазмұны;

– оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша ұлттық іс-қимыл жоспарын іске асыру тетіктері мен жолдары;

– «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудағы құзыреттілік тәсілдің мәні;

– оқушының жас ерекшеліктерімен оқыту әдістерінің өзара байланысы; – «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің мазмұндық аспектілерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері;

– оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға бағытталған оқу стратегиялары, әдістері мен тәсілдері жүйесі;

– оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың заманауи тәсілдері.

2) қолданады:

– әртүрлі әдістерді, құралдарды және оқыту технологияларын қолдана отырып, оларды пайдаланудың орындылығын анықтай отырып, оқушылардың оқу-танымдық қызметін басқаруды жүзеге асыру;

– оқушылардың негізгі құндылықтарға бағытталған дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды құрастыру;

– оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдану;

– оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістерін қолдану.

3) меңгереді:

– білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында дағдысын қалыптастыру тәсілдерін;

– шығармашылық қабілеттер мен сыни ойлау дағдыларын;

Модуль 3: «Курстың оқу мақсаттары тұрғысынан алға ілгерілеуді қарастыру»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 18 сағат (дәріс - 6 сағат, практикалық жұмыс – 10 сағат, ықшам - сабақ – 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Білім беру үдерісінде білім беру бағдарламасын, оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру жолдарын игеру.

Модульдің міндеттері:

1. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытуда тілдік дағдыларды дамыту.

2. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудағы тілдік мақсаттар игеру.

3. Оқушылардың бойында қалыптастыру қажет рухани құндылықтар мен дағдыларды қарастыру.

4. Мұғалімдерге білім беру бағдарламасын тиімді жүзеге асыру үдерісін игеру.

5. Академиялық тіл пән мазмұнын меңгеру.

6. Ойлау және осы пәнде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істеу қабілетін жақсарту.

7. Оқу сауаттылығының әлемдік кеңістіктегі маңызымен танысу.

8. Оқу сауаттылығының әлемдік кеңістіктегі деңгейлерін қарастыру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Модуль білім беру процесінде педагогтердің білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

3) Күтілетін нәтижелер:

Модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Білім беру үрдісінде оқушылардың тілдік дағдыларын арттыру жолдарын біледі;
2. Пәнді меңгеруде оқытудағы тілдік мақсаттар игереді;
3. Оқу үрдісінде оқушылардың бойында қалыптастыруға қажетті рухани құндылықтар мен дағдыларды біледі;
4. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәнінде қолданылатын ұғымдармен жұмыс істеу қабілеті жақсарады;
5. Оқу сауаттылығының әлемдік кеңістіктегі маңызын түсінеді;
6. Оқу сауаттылығының әлемдік кеңістіктегі деңгейлерін біледі.

Модуль 4: «Өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын орындау»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат (таңдау бойынша сабақ – 2 сағат, ықшам - сабақ – 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қиындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету.

Модульдің міндеттері:

1. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.
2. «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы мәселелерді қозғайды. Бағдарлама мазмұнын саралау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүргізіледі. Модуль жобаны тестілеу мен қорғауға даярлықты қамтиды.

3) Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама аясында қиындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Пән мән мәтіні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

4) Оқу-тақырыптық жоспары

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Деріс	Танлау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	Ықшам-сабақ презентация	Тестілеу	Барлығы
1	Модуль 1. Тиімді оқу үдерісін жүргізу және нормативтік аспектілері	2		4	2			8
1.1	Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы және нормативтік құқықтық актілер бойынша практикалық дағдыларын дамыту .	2						2
1.2	Оқыту үдерісін ұйымдастыру арқылы құндылық – мәндік нұсқауларын құру.			2				2
1.3	Тілдік дағдыларды дамыту Білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары негізінде ынтымақтастық ортаны құру.				2			2
1.4	Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері. Белсенді оқу.			2				2
2	Модуль 2. Білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеру	10		20	16	2	2	50
2.1	Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2			2			4

2.2	Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде оқу тапсырмаларын жасау жолдары.			2	2			4
2.3	Бағалау қағидаттары. Критериалды бағалау моделі.	2		2				4
2.4	Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау.			2	2			4
2.5	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабағына негізделген қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу жолдары.	2		2				4
2.6	Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы. Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер.			2	2			4
2.7	Жазылымды үйретудегі үдемелілік. Жазылым көрсеткіштерін жақсарту жолдары. Бірлескен жазылым әдісі.	2		2	2			6
2.8	Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым әдісі. Дербес жазбаша жұмыс орындауға төселдіру.			2	2			4
2.9	Оқылым көрсеткіштерін жақсарту. Оқылым дағдыларын қалыптастыру.			2				2
2.10	Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым. Бірлескен және мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымды жоспарлау.	2		2	2			6
2.11	Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері. Белсенді оқылымның әдіс-тәсілдерін жоспарлау.			2	2			4
2.12	Өзара бағамдау және өзін-өзі бағамдау (Қорытынды тестілеу)					2	2	4
3	Модуль 3. Курстың оқу мақсаттары тұрғысынан алға ілгерілеуді қарастыру	6		10		2		18
3.1	Айтылым және тыңдалым дағдыларындағы дамуды түсіну.	2		2				4

	Айтылым және тыңдалым жаттығуларын әзірлеу.							
3.2	Әңгімені бірлесіп әңгімелеу. «Ойды түртіп алу» кезеңіне арналған жаттығуларды әзірлеу.			2				2
3.3	Саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдері.	2		2				4
3.4	Тілдік дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығын түсіну. Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңыздылығын зерттеу үшін тапсырма құру.			2		2		4
3.5	Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жолдары Орфографиялық норма Пунктуациялық норма	2		2				4
4	Модуль 4. Өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын орындау		2			2		4
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау		2					2
4.2	Ықшам сабақ өткізу (жобаны қорғау) Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: Жоспарлау, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау.					2		2
	Барлығы:	18	2	34	18	6	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Қашықтықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қашықтан оқыту 30 сағат					Өзіндік оқу 50с .	Барлығы
		Дәріс	Тренинг	Онлайн-кеңес	Вебинар	Онлайн-форум	Бағалау	
1	Модуль 1. Тиімді оқу үдерісін жүргізу және нормативтік аспектілері	2	2		4			8
1.1	Оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының құрылымы және нормативтік құқықтық актілер бойынша практикалық дағдыларын дамыту .				2			2
1.2	Оқыту үдерісін ұйымдастыру арқылы құндылық – мәндік нұсқауларын құру.				2			2
1.3	Тілдік дағдыларды дамыту Білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары негізінде ынтымақтастық ортаны құру.	2						2
1.4	Тиімді оқыту мен оқудың тәсілдері. Белсенді оқу.		2					2
2	Модуль 2. Білім беру бағдарламасының нақты пәндік аспектілерін меңгеру	10		10			24	44
2.1	Жаңартылған білім беру бағдарламасы: оқу бағдарламасы және оқу жоспарлары	2					2	4

2.2	Оқыту мақсаттарын диагностикалау. Б.Блум таксономиясы. Б.Блум таксономиясы негізінде оқу тапсырмаларын жасау жолдары.			2				2	4
2.3	Бағалау қағидаттары. Критериалды бағалау моделі.	2						2	4
2.4	Орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау.			2				2	4
2.5	«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» сабағына негізделген қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу жолдары.	2						2	4
2.6	Тілдік дағдыларды дамытудың маңызы. Тілдік дағдыларға тән ерекшеліктер.			2				2	4
2.7	Жазылымды үйретудегі үдемелілік. Жазылым көрсеткіштерін жақсарту жолдары. Бірлескен жазылым әдісі.	2	2					2	6
2.8	Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым әдісі. Дербес жазбаша жұмыс орындауға төселдіру.			2				2	4
2.9	Оқылым көрсеткіштерін жақсарту. Оқылым дағдыларын қалыптастыру.							2	2
2.10	Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым. Бірлескен және мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымды жоспарлау.	2						2	4
2.11	Белсенді оқылым әдіс-тәсілдері. Белсенді оқылымның әдіс-тәсілдерін жоспарлау.							2	2
2.12	Өзара бағамдау және өзін-өзі бағамдау (Қорытынды тестілеу)							2	2
3	Модуль 3. Курстың оқу мақсаттары тұрғысынан алға ілгерілеуді қарастыру	4	4	2				10	20
3.1	Айтылым және тыңдалым дағдыларындағы дамуды түсіну.			2				2	4

	Айтылым және тыңдалым жаттығуларын әзірлеу.								
3.2	Әңгімені бірлесіп әңгімелеу. «Ойды түртіп алу» кезеңіне арналған жаттығуларды әзірлеу.			2				2	4
3.3	Саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған тәсілдері.	2						2	4
3.4	Тілдік дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытудың маңыздылығын түсіну. Тілдік білім мен дағдыларды дамытудың маңыздылығын зерттеу үшін тапсырма құру.			2				2	4
3.5	Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жолдары Орфографиялық норма Пунктуациялық норма	2						2	4
4	Модуль 4. Өзара рефлексия және метатану тапсырмаларын орындау			4				4	8
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау			2				2	4
4.2	Ықшам сабақ өткізу (жобаны қорғау) Біліктілікті арттырудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін бағамдау: Жоспарлау, белсенді оқу, пән бойынша педагогикалық білім, критериалды бағалау.			2				2	4
	Барлығы:	16	2	18	6			38	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

5) Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздердің тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы
2. Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі туралы» Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 293 -VI ҚРЗ)
3. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы (2019 жылғы 27 желтоқсан № 294 -VI ҚРЗ) https://www.inform.kz/kz/pedagog-martebesi-turaly-zannyn-matinizharyk-kordi_a3600065
4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 13 қарашадағы № 398-V ҚРЗ
5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251-III Еңбек кодексі)
6. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Жолдауы - <https://sputniknews.kz/politics/20190902/11419745/Toqaevtyn-Qazaqstan-khalqynazholdauy-tolyq-matin.html>
7. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
8. «100 нақты қадам» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам (87-қадам. Азаматтық біртектілікті нығайтудың «МЕНІҢ ЕЛІМ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру).
9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
10. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
